

1 2010  
22375к

Дулат Исабеков

# Жемі желкен



Дулат Исабеков

# Жемі желкен

ПЬЕСАЛАР



Дулат Исабеков

*Экспрессионист*  
*жемкен*

ПЬЕСАЛАР

Алматы «Өнер» 1987

84Каз 7-6  
И 83

Исабеков Дулат  
И 83 Жеті желкен: Пьесалар.— Алматы: Өнер, 1987.—  
304 бет.

Жинаққа белгілі жазушы-драматург Д. Исабековтің соңғы жыл қа-  
ры жазылған пьесалары енгізіліп отыр. Бұл шығармалардың көшілігі  
астаналық театrlар мен республиканың өзге театрлары арқылы ке-  
рермен қауымға жақсы таныс. Гуманизм, адамдар бойындағы ізде-  
жисиеттер, жеке тулагалар тағдырына құрылған «Ректордың қабылдау  
қүндері», «Ертенді күту», «Мұрагерлер» пьесалары Одақ көлемінде  
белгілі болған туындылар.

И ~~4907000000—53~~  
~~409(05)87~~ 18-87

84Каз 7-6

© «Өнер» баспасы, 1987

# ЕРТЕҢДІ КҮТУ

(драма)

## Қатынасушылар

Тағат — институт директоры  
Алтын — әйелі  
Радик — ұлдары, студент  
Милиция капитаны  
Ақ бас шал  
Кісі

Жания  
Жігіт  
Егде кісі  
Кемпір  
Секретарь қызы  
Қыдырып жүрген  
жастар

## БІРІНШІ АКТ

Институт директорының кең бөлмесі. Бөлменің іші қазіргі үлгімен әсем жиһаздалған. Үстінде үйге киетін жұмсақ паралон халаты бар директор бөлме ішінде әрлі-берлі жүр. Бөлменің оң жақ бұрышындағы буфетке сүйеніп баласы — медицина институтының студенті тұр. Әкесі әлденеге қапалы.

Тағат. Сен барып тұрған ақымақсың!  
Радик. Оныңыз рас.  
Тағат. Не-ме-не?! Расы қалай?  
Радик. Рас болмаса, неменесіне айтып тұрсыз?  
Тағат. Сен менімен қалай-қалай сөйлесесің!? Мен сенің әкеңмін!

Радик. Оныңыз да рас болуы мүмкін.  
Тағат. Сен... сен... не айтып тұрғаныңды білемісің?  
Бетімен кеткен не деген жүгеніздік бұл!?.  
Радик. Бала — асау тай, әке — атбегі, тәрбие — жүген. Демек, атбегі нашар, жүген жоқ, тек асау тай ғана болған.

Тағат. Сен адам болмассың. Ойлашы, қазір жасың жиырма бірде, төртінші курсың студентісің. Ақыл тоқтатар кезің болды. Сен туғанда мен жиырма бірде болғанмын, яғни әке болғам.

Радик. Перзент дүниеге келгенде жасы жиырма бірдегі адамға әке деген атақ әперу үшін емес, биологияның заңы бойынша келеді. Қайдан білесіз, бәлкім, осы тұрысыммен менде де әке деген атақ бар шығар.

Тағат. Сенен туған бала да онбас!  
Радик. Оңбаса да студент болар, әйтеуір. Немерекізді бір оқуға түсіресіз рой.

**Тағат.** Не болып барады бұл дүние! Әкесі мен баласы бұлай сейлеседі деп кім ойлаған!

**Радик.** Өмір әрқашан да адамның ойламаған жағынан келеді.

**Тағат.** Ақы-мақ!

**Радик.** Оныңыз рас дедім ғой. Ғылым кандидаты болғалы жүргенім де сондықтан шығар.

**Тағат.** Радик! Құдай үшін, менімен бұлай сейлесуінде қойши.

**Радик.** Өзгемен мен ашық сейлесе алмаймын. Егер мен сіздің балаңыз болмасам, сіз Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, медицина ғылымының докторы, онкология институтының директоры бол шыға келер едіңіз. Онда әлгіндегі сөйлемек түгіл, мына үйінізге де кіре алмаған болар едім. Сіздің жиырмада жаста үйленіп, жиырма бір жасында перзент сүйгеніңіз қандай бақыт, қандай қуаныш!

**Тағат.** Радик! Токтат енді!

**Радик.** Сіз маған дауыс көтермеңіз. Біле білсеңіз, сіз де маған борыштысыз.

**Тағат.** Қалай?

**Радик.** Жиырма бір жасында мен сізге Эке деген атақ әпергем! Ол да оңай өтелер парыз емес. Өз бетінізше он рет, жүз рет лауреат бола алласыз, бірақ мен болмасам, эке атала алмас едіңіз ғой. Осыны түсінесіз бе?

**Тағат** (*ұлының жанына кеп маңдайынан сипайды*). Ақылды тентегім менің! Әрине! Өмірдегі жұбанышым да, қызығым да, бақыттың да, барым да — сенсің. Сенің алдында мен өле-өлгенше борыштымын.

**Радик.** Қазақтың сентименталдық ауруы тағы қозды ма...

**Тағат** (*мырс етіп*). Саған еш нәрсе үнамас бұл жалғанда. Жалпы қазакта нең бар, өзімізді-ақ айта бермейсің бе?

**Радик.** Халық пен жеке адам бір категория. Қай нәрсеге болмасын екеуі бірдей жауапты. Халқы үшін данышпан қалай жауап берсе, ақымақ та солай жауапты немесе, керісінше, данышпаны мен ақымағына да халқы жауапты. Мен ол екеуін ешқашан бөліп қарамаймын.

**Тағат.** Қай нәрсеге болса да, сөздерің дайын тұрады, әйтеуір. Осының бәрін қайдан біліп аласындар?

**Радик.** Анамның ішінде тоғыз ай босқа жатқанда кітап оқымай не бітірді дейсіз.

Тағат. Доғар былшылынды! Сендерде қасиет тұтар киелі ұғым деген бола ма!? Құранды теуіп, сыйыраны аттап кете беретін қасиетсіздер, түге!

Радик. Бәрі де тәрбиеден...

Тағат. Үң, сен мені ажалымнан бұрын өлтіретін шығарсың!.. Бір әкенің он ұлы бар, оны он басқа, соның бәріне он түрлі тәрбие берді дейсің бе?

Радик. Немесе, сүйекте болғаны. Атадан қалған қасиет.

Тағат. Жоқ! Тоқшылықтан! Сендер мастанып кеттіңдер, бар мен жоқтың қадірін ұмыттындар. Ата-ананың табысы, есер музыка, саяси анекдот, қала берді, шарап! Құдайларынды осылар ұмыттырып барады.

Радик. Тағы біреуін тастап кеттіңіз. Эдемі қыз!

Тағат. Иә, әдемі қыз! Тіл мен жаққа сүйенген заржақтар!

Радик. Несі бар. Сіздер біздің жарқын болашағымыз үшін күрестіңіздер, қан төктіңіздер. Әкелердің ізгі арманы мен тәтті үмітін актамасақ бізге үят емес пе?

Тағат. Істің адамы аз сөйлер болар еді, сендер көп сөйлеуге құмарсындар, содан қорқамын. Болды, болды! Сөзден сөз тудырып, арзан тапқырлыққа тағы бастағалы келесің фой. Кешке үйге қонақтар келеді, менің тынырып алуым керек. Радик, құдай үшін, олардың алдында мұндай сөздерінді айта көрме. Қөргенсіз екен деп күліп кетеңі. Келістік пе?

Радик. Ол қандай қонақтар?

Тағат. Үкімет адамдары, академиктер, ғалымдар.

Радик. Сол адамдардың тізімін беріңізші.

Тағат. Оны қайтпексің?

Радик. Дастанқан басында айтатын сөздерін жазып қояйын, кейін салыстырып көрейін деп едім. Сексен процент сәйкес шықпаса, ит бол үріп кетейін. Сонда, қалған жиырма процентке бола солардың бәрін жинамақсыз ба?

Тағат. Радик, шаршатпашы. Мен ертеңге де керек адаммын.

Радик. Олар не үшін жиналады? Ә-ә... Енді есімे түсті. Студенттер мен мұғалімдер мені де құттықтаған. Құттықтамаған жалғыз мен екем. Аса құрметті папа! Қешіріңіз, аса құрметті Тағат Дайырович! Онкология саласында жазылған еңбегініздің СССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған туралы орталық газеттердің хабарымен сізді шын көнілден құттықтаймын. Олимпиадада жеңім-

паз атану шарт емес, оған қатысу шарт. Сізге женіс тілеймін! (*Келіп бетінен сүйеді.*)

Тағат. Болды, сенің құттықтағаның да бар болсын. Маған тигізген пайдаң сол — мазамды алмашы.

Үйге анасы кіреді.

Алтын. О, екеуің де үйде екенсіндер ғой.

Радик. Мен қазір сабакқа қайтадан кетем, ал бұл кісі кешке қонақтарды қарсы алу үшін тынышып алуға келіпті. Үкіметтің есебінен.

Алтын. Осы қырсық мінезінді қашан қоясын, Радик!? Әкесіне қарап адам осылай сөйлей ме екен?

Радик. О-о! Демек, менің әкемнің, былайша айтқанда, күйеуіңдің, жағында екендігініз бірден белгілі болды. Бірақ, ол кісі екеуміз келіссөзді сізге шейін-ақ аяқтап тастағанбыз. Келіссөз өзара толық түсініскең жағдайда, жылы шырайда өтті. Енді басқа, үшінші платформаның араласуы мүлде қажетсіз. Иә, өзіңіз қай сапардан оралдыңыз?

Алтын. Радик, құттықтауыңа болады, ұлым! Сенің мамаң жақында филология ғылымдарының кандидаты деген атақ алады. Бүгін минимум тапсырып келдім!

Радик. Қалай? Сіз тарих факультетін бітірдім деп жүрген жоқ па едіңіз? Филологияда неғып адасып жүрсіз?

Алтын (*куліп*). Солай боп шықты. Эдебиет пен тарих бір-біріне туыс ғылым ғой.

Радик. Пап! Біздің мамамыз неткен жан-жақты еді! Филология мен тарих мұхитында еркін жүзे береді. Бұл кісіге жүзуді үйретіл жүрген сіз ғой деймін.

Тағат. Сенің онда шаруаң болмасын. Өз жөнінді біл.

Радик. Мама, айтыңызы, қандай тақырыпта қорғағалы жүрсіз?

Алтын. «19-ғасырдағы қазақ ақындарының творчествосындағы демократиялық көзқарастар».

Радик. Ха-ха-ха!..

Алтын (*қосарланы*). Есің дұрыс па, не болды саған?

Радик. Мама, үалсаныздаршы. 19-ғасырдағы қазақ ақындарының творчествосы түгіл, қазақта ақын болды ма, болмады ма, одан мүлде хабарыңыз жоқ еді ғой. Сіз іштен орысша сөйлеп тудыңыз, орысша оқыдыңыз, тіпті жетелгеніңдің өзі қазақшаға үқсамайтын. Енді келіп... «19-ғасырдағы қазақ ақындарының творчествосындағы

демократиялық көзқарас». Ха-ха-ха! Одан да, Владимир Монамахтың ғақлиялары сізге әлдеқайда жақын емес пе, содан қорғанызы.

Алтын. Радик-ай, әке-шешенен басқа айтысар адам қалмады ма?

Радик. Өйткені, өзгелердің өміріне араласуға хақым жоқ.

Алтын. «Жақыным да — жауым, жауым да — жақыным» ғой?

Радик. Бұл мақалды да бәрібір сіз кейіннен үйренгенсіз. «Ақылмен ойлап тапқан ой дарымас бойға, сырғанар». Кімнің өлеңі? (*Олар жауап берे алмайды.*)

Радик. Бүгінгі қазақ интеллигенциясы! Бірі — доктор, бірі — кандидаттыққа кандидат! Медицина және филология. Екеудің жиынып, Абайды білмейтін бол шықты. «Ұл ер жетсе — әке болады, қыз бой жетсе — ана болады». Тарих бой жетсе — филология болады. Қайран тарих, қайран филология!

Алтын. Радик, тоқтат есуастығыңды! «Қарғайын десем — жалғызым, қарғамайын десем — жалмаузыым». Ес білгелі әке-шешенмен ғана айтысып, күн кешіп келесің. Мінезі шығар дейін десен, күннен-күнге қыжылың ауыр, тілің аңы бол барады, жас дейін десен...

Радик. Иә, менің жасымда сіздің күйеуіңіз әке болған.

Алтын. Ух! Қайтерсің, амал қаша! Ал, құрысын, адыра қалсын бәрі де! Сонда сенің көңілің тына ма? Сонда сенің бізге деген қыжылың қайта ма?

Радик. Жоқ, қайтпайды! Мен сіздер сияқты бас қамын ойлағандарды жиі кездестірем. Бәріңіз бір-біріңізден аумайсыздар. Білмегенің айтсан — нақұрыс көрінесің, білімсіздігін айтсан — қас боласың. Бәрің де өтірікті жақсы көресіңдер! Айтындаршы, кәне, дәл қазір екеуің де мені жек көріп тұрғандарың рас қой. Иә, рас! Өйткені, мен шындықты, батар күн, атар таңдай шындықты айттым. Тек шындықты! Жалғандыққа төзе алмадым, бүйірманғанды, маңдайға жазбағанды алып отырсындар, мен соны айттым. Егер: «Кандидаттығың құтты болсын, мамоғка!»— деп мойның асылсам, сөз жоқ, ақылды бала болар едім. Мен өйтеп алмадым, сондықтан мені сүймейсіңдер. Егер екеулеріңің бауыр еті — балаларың болмасам, күнімнің қалай болары белгісіз. Менің бір досым бар. Өткен жылы мединститутты бітірді. Білім дәрежесі мен па-

расат терендігі жағынан, ақылы мен ұстамдылығы жағынан көп ғалымдардан асып түседі. Оңаша қалса, оның бұл қасиетін олар да мойындайды. Бірақ, сол жігіт жақында қызметтен босатылды. Орнына кім келді дейсіз ғой? Екі сөздің басын құрай алмайтын, ақ пен қараны үңіле қарап әрек ажырататын адам. Егер: «Мына кісі аштан өліп бара жатыр, тамақ берсек қайтеді?»— деген сауалмен бара қалсаныз, сөз жок, «Ойланып көрейік»,— деп жауап беретін, өз білгені, өз ойы жоқ кісі. Неге? Папа, айтынызышы, неге? Бұл жағдайды сіз де білесіз, бәрі біле-ді. «Обал болған екен»,— деп жүргендер де бар. Бірақ, тек сөз жүзінде ғана!

Тағат. Қазір ол жігіт қайда?

Радик. Оны қайтпекіз? Шақыртып алып қызметке орналастырмақсыз ба? Жоқ! Ол мұндай ұсақ қамкорлықтан өзін биік санайды. Ол ашуланған жоқ, сіз ойлағандай, үйіне келіп «аһ» ұрып, бетін қабырғаға беріп жатпа-ды да.

Тағат. Енді не істеді? Сыра ішкен шығарсындар.

Радик. Жоқ, ішек-сілесі қатып бір сағат бойы құлді. Мен де күлдім.

Алтын. Сен де ме?

Радик. Иә. Несі бар? Шынында да, күлкілі жайт емес не?

Тағат. Қайран жастық-ай! Осылай албырт болмаса жараса ма?!

Радик. Бұл албырттық емес.

Тағат. Енді не? Әулиелік пе?

Радик. Оның не екенін өзініз де біліп тұрсыз. Ол — ажуа. Қара бастың камын ойлайтын бейшараларды аяу!

Тағат. Бәлкім, оның ішінде мен де бар шығармын. Әлгі әумесерінмен қарқылдаپ отырып, менің де атымды атаған шығарсың?

Радик. Ол да мүмкін. Бірақ, біз ондай ұсақтыққа баруды өзімізге ар санадық!

Тағат (*dірілден*). Жоғалт көзінді! Жоғалт!

Алтын. Радик! Неткен қатыгезсің! Сабағына барып келші.

Тағат. Егер адам баласы құдайдан бала сұрап, оны түн үйқысын төрт бөліп өсіргенде, есітер сөзі осындаи боларын білсе, әй қайдам, көбісі перзенттен бас тартатын шығар.

Радик. Сіздер мені әулиеге түнеп жүріп талқан жоқ-

сыздар. 20-ғасырда адам баласы махаббат формуласын толығынан және түгелдей менгеріп алған болатын.

Алтын. Не істерсің енді! Бәлкім, біз жөнді тәрбие берे алмаған шығармыз.

Тағат. Тәрбиеден кенде бұлар жоқ. «Аюға намаз үйреткен — таяқ». Бұларды таяқтап өсіргендеге, әлдеқайда ақылды болар еді.

Радик. О-о! Қазақ интеллигенциясы білуге тиісті Абай өлеңдерін білмесе де, ескі педагогикадағы тән жазасын әлі ұмытпаған екен фой.

Тағат. Ұмыттырмайтын да өздерін.

Радик. Себебі — біз кінәлымыз. Шәлкес мінезіміз-бен ескі педагогиканы еске түсіреміз. Ал, Абай ше, ол да өз мінезінен тауып жүр ме?

Тағат. Ол неге еске түспейді? Еске түскеннің бәрін айғайлап айта беру шарт емес.

Радик. Солай деңіз. Қөлгірсу мен ашу шақыру — білімсіздікті бүркемелеудің басты құралы. Менің досым осылай дейді. Папа, жақында ол маған тағы бір жақсы сөз айтты. «Білімсіздігін сезініп жер бетінде бірде-бір адам өлген емес, керісінше, білімділіктен өлгендер көп», — дейді, бұған қалай қарайсыз?

Тағат (*ойланған әрі-бері жүріп, әрі ызалы*). Өлімнің бәрі — бір. Қабір ешкімді алаламайды. Өмір деген — күрес, әрі-беріден соң — талас. Тіпті, бір құрсақтан шыққан он бала он түрлі ғұмыр кешеді. Мына бес саусақтың өзі бірдей емес. Табиғат заңы солай. Эр адам — әр басқа. Эке басқа, ана басқа, екеуінің жүрек қанынан жасалған бала да басқа. «Біреу ананы білмеді, біреу мынаны білмеді, пәленше — даңышпан, түгенше — ақымақ», — деп даурығудың қажеті жоқ. Білімді адам бәріне сабырмен қарайды, ал, керісінше ақымақтың ғана айғайы зор келеді. Бұл дүние — не көрмеген дүние. Әулиендейде, данышпанаңды да, әумесерің мен ақынынды да — бәрін көрді, бәрін жүтті, сен екеуміз де олардан артық емеспіз, енді бір жүз жылдан соң екеуміздің осы айтысымыз былай тұрын, болған-болмағанымызды да ұмытады. Иә. Солай. Білімсіздіктен өлеміз бе, білімділіктен өлеміз бе, әйтеуір бір өлім. Екеуінің де еншісі сол.

Радик. Түсінікті. Тұбі — бір өлім, қолдан келгенше қармап қал деген философияны ұсынып отырсыз фой.

Тағат. Жо-ок! Ол саған дейін ұсынылған. Және жүрт оны толық қабылдаған. Қөшшілігі осы заңды ұстанады. Бірақ, байқатпайды.

Радик. Өзін де, өзгені де алдайды.

Тағат (*ашуланып*). Иә! Солай. Білгін кеп жантала-  
сып жүргенің осы ма еді? Ал, білдің! Қолыңнан келсе,  
тау қопарып ал! Енді тынышталдың ба?

Радик. Папа... Папа... (*Шегіне береді.*) Мен сізден  
корқайын дедім, папа!..

Алтын. Радик, не болды саған! Құлышым!

Радик. Папа, мен тау қопара алмаймын, папа. Бі-  
рак... (*Шегініп есік тұтқасын үстайды.*)... Бірақ, өзіме ша-  
мам жетеді! Өзіме шамам жетеді. (*Шығып кетеді.*)

Пауза.

Тағат. Иә... Бұл бала бізге абырой әпере қоймайтын  
сияқты.

Алтын. Олай деуге қалай аузың барады?

Тағат. Ішімде қайнап жатқан ой осы болса, ауыз-  
бен айтқаның айыбы қайсы?

Алтын. Бүгінгі жастардың бәрі осы ма, әлде жал-  
ғыз болған соң тым еркін өсті ме, соңғы кездері Радиктің  
мінезі арқама аяздай батып жүр.

Тағат. Жастардың бәрі бұлай емес. Менде де осы  
секілділердің талайы қызмет істеп жүр. Басқасын былай  
қойғанда, олар, тым болмаса, үлкенді сыйлай алады. Қар-  
сы болса — қарсы шығар, бірақ не айтсаң да ізет көрс-  
тіп, сипайы ғана күлімсіреп тұрғаны. Немене, сонда олар-  
дың ақыл-есі осы Радиктен кем бе, әлде асып бара жатыр  
ма? Жоқ! Тәрбие бар. Эке мен шешені сыйлап өскен.

Алтын. Енді кімді кінәлайсың, кімге ашуланасың?  
Барлық бала бірдей емес қой. Біреу сабырлы, біреу се-  
зімтал, біреу ұшқалак... Мінезі солай шығар, жүре келе  
басылар.

Тағат. Қайдам. Жүре келе басылар дегенге күдікте-  
не бастадым. Бұларға не жетпейді? Бәрі бар, бәрі жеткі-  
лікті. Іздейтіндері не? Аласұрып жүргендері не? Әнебір...  
жұмыстан күлған... кім еді, әлгі... досым дей ме, немене,  
мұның миын қатырып жүрген сол. Білем, бір-екі рет көр-  
генім бар. Қолына не түссе, соны оқып, әбден миы ашып  
кеткен біреу. Оқу өтіп кеткен адамның өзіндік ойы бол-  
майды.

Алтын. Өзіндік ойынды сақтау үшін аз оқу ке-  
рек пе?

Тағат. Толған окууды айтам!.. Радиктің еш нәрсені  
аңғармайтынына, ой жібермейтініне қайран қалам. Ол  
үшін мен бір қара бастың қамын ғана ойлап жүрген жан-

секілдімін. Осы байғұс не үшін, кім үшін тірлік етіп жүр деп ойламайды ғой деймін. Бәрі өзіме ғана керек пе? Қоғам үшін, ғылым үшін, сонан соң барып өз басым үшін емес пе?

Алтын. Мен бір рет Радик болайын ба?

Тағат. А-а?

Алтын. Бір рет Радик болайын ба деймін?

Тағат. Ал, бола ғой.

Алтын. Папа, осының бәрін кері айтсаныз қайтеді!  
*(Күледі.)*

Тағат (*паузадан соң*). Ақымақ басқа әумесер сөз қонады. Бәлкім, керісінше, Радикке сен үйретіп жүрген шығарсың. Иә, сен, сен!

Алтын. Мен... еркелеп айта салып едім, сонша ашуланғаның не? Кешір.

Тағат. Бірде бала, бірде бәле. Енді өстіп еркелейтінді шығардыңдар ма? Басқаша еркелеулерің құрып қалды ма? Кейде маған мың қаралы адамды басқарғаннан гөрі, екеуіннің тілінді табу қын көрінеді. Тұзде шаршал, иленген терідей бол үйге келсөн, мұнда екеуің тұз себесіндер. Қөнілге қарау, еңбекті бағалау, азаматтың басын сыйлау деген жок. Дағаға шықсақ — батырмыз, үйге келсек — қатынбыз... Мені аурұханаға тусірмей тынбассыңдар. (*Креслоға келіп отырады. Қасына әйелі де кеп отырып, оны құшақтайды.*)

Алтын. Қойши. Сені сыйламай не көрініпті. Баланікі — уақытша тентектік, менікі — орынсыз шыққан бір еркелік шығар. Бір-бірімізге қалай еркелеуді де ұмыттық кой. Тірлік, тірлік... Ұзақ жыл дайындалып, кандидаттық қорғадың, одан докторлықты бітіріп алайық деп жанталастық. Одан соң қызмет, тамыр-таныс, жолдас-жора. Бір-бірімізге қарайлауға, еркелеуге мұрша болды ма? Бірінен соң бірі келіп жатқан туыстарың тағы бар. Бәрінің ортасында бас көтерер жалғыз сенсің. Біреуіне оқуға тусу керек, біреуіне пәтер керек, біреуіне диссертация қорғай керек, енді біріне машина керек — тағы тағылар. Қарап журмей кандидат болам деп, екі жылдан бері мен де өнер шығардым. Сенің басынды қатыра бермей, мектепте сабағымды беріп тыныш жүре бергенім-ак жақсы еді... Өзі де тым созылып кетті... Сонда да сен байғұсқа рақмет жоқ.

Тағат. О-оу! Ұзақ еркелеймін деп, күйреуік боп кетілсін ғой.

Алтын. Солай болса, солай шығар. Бір-бірімізге ар-

налған еркелік сыртқа шыға алмаған соң үгітіле бастаған да. Жұмыс, атақ, даңқ, қызмет деп жүріп ерте қартаидық-ау деймін. Қөптен бері сенімен оңаша сөйлесіп отырғаным да бүгін. Өз күйеуіммен! Қызық-ау, ә? Өстіп жүріп бір күні... мына дүние зу-у етіп өте шығады ғой. (Күледі.)

Тағат. Ал, күреспей, тырбанбай, еш нәрсеге қызықпай, тіршілік еткенде мың жасаймын дейсің бе? Болды, доғар енді!

Алтын. Қойдым, қойдым. Сенің сөзің де рас шығар.

Есік қоңырауы шырылдайды.

Алтын. Екеумізге оңаша қалу бүйірмашан деп айттым ғой. Бұл кім екен?

Тағат. Аралда отырғаным жоқ, ашсаңшы. (Олар орындарынан тұрады. Әйелі есікті ашип, қайтып келеді.)

Алтын. Бір газеттен тілші келіп тұр. Өздерің келісікен екенсіндер ғой,

Тағат. Ә-ә, иә. Кірсін де. Ал, сен кешке келетін қонақтардың қамына кірсе бер. (Әйелінің бетінен сүйеді.).

\* \* \*

Алтын. Әлгі Радик әлі жоқ. Жолдастарының бәріне телефон соғып шықтым. Ешқайсысы білмейді. Кеше ашуланып кетіп еді, бір нәрсеге ұрынып қалмаса болғаны.

Тағат. Ана данышпан досымен хабарластың ба? Сол үйде қалған шығар.

Алтын. Оның үйінде телефон жоқ және адресін де білмейміз.

Тағат. Келер, қайда кетеді дейсін.

Алтын. Сен тым бейғамсың ғой. Ол ешқашан басқа үйге қонбайтын.

Тағат. Жігіт болғанының алды шығар.

Алтын. Япырым-ау... сен... Кеше кеткен бала, бүгін, міне, кеш болды, әлі жоқ.

Тағат. Енді маған неғыл дейсің? Тұні бойы қонақ күттік, жұмыстан қалжырап келіп отырғаным осы.

Алтын. Қундіз телефонмен айтып едім ғой, ешқайда хабарласқан жоқсың ба?

Тағат. Қолым тимеді. Сен де телефон құлағын бүрай аласын.

Алтын. Жалғыз үл саған көптік қып жүр ме? Неге сонша қаталсың? Әкесісің ғой.

Тағат. Ол да мүмкін. (Газеттерді қарай бастайды.)

Алтын. Не?! Не дедін?!

Тағат. Мен де бір сәтке Радик болдым. «Мен сенің әкеңмін» дегендे, ол да осылай жауап берген.

Алтын. Бұл сөздің маған ауыр тиетінін, көңіліме қаяу түсірерін біліп тұрсан да, айтың ғой. Мен... мен сенен өзге еркекті түсімде де көрген емеспін. (*Жыламсырайды*.) Барлық мінезім өзіңе аян. Соны біле тұра... Менімен тұрғың келмесе, жоқ жерден жала жаппай кете бер. Ақ көңілімді қаралама.

Тағат. Міне, мен Радик болып едім, жылап шыға келдің, сен Радик болғанда да тірі қалдық қой.

Алтын. Ол — сен. Эйелді өзіңмен теңемексің бе?

Тағат. Жайшылықта еркектермен тен праволымыз деп тепсінгенде, қарағайдың басынан қарға қашады, ал мұндай сәттерде момақан бола қаласыңдар, ә!? (*Күлгөн бол, оның ишіғынан қағады*.) Жарайды. Мен де жөнді Радик бола алмаған шығармын.

Алтын. Неге шешінбей жүрсің? Кешкі ас дайын.

Тағат. Ім-м... Жарайды, ауыз тиейін.

Алтын. Ауыз тигені несі?

Тағат. Москвадан бір кіслер келу керек еді, аэропорттан күтіп алып, қонақ үйге жайғастырып қайтуым керек.

Алтын. Кешігесің бе?

Тағат. Көп кешікпеспін. Бәлкім, әңгімелесіп отырып та қалармыз. Отте сыйлы адамдар.

Алтын. Ал, Радик... Мен таң атқанша көз ілмейтін болдым ғой. Енді қайттім?

Тағат. Енді мен қайдан іздеймін? Сыйлы адамдардың көзінше милицияға телефон соғып отыруым керек пе? Қалалық милицияның бастығына хабарлай сал. Сол іздеу салсын. Ім-м, жоқ, қажет емес. Сыртқа сыр ашып қайтесің. Бәріне сене беруге болмайды. Әсіресе, дәл қазір.

Алтын. Дәл қазір не болушы еді?

Тағат (*әйеліне ұзақ қарап тұрып*). Сенің де тереңдігіне болайын. Пәленшешің баласы пәлен екен деген сөз жүртқа жетсе, сыныққа сылтау іздел жүрген кейбір іші тарлар түймедейді түйедей етіп, жоғары жаққа жібермей мә? «Дәл қазір не болушы еді?!» Кешегі газеттегі хабар ше?

Алтын. Э-э... Қайдан білейін, кешір. Аңғал басым ар жағын ойламаппын. Енді түсіндім.

Тағат. Енді түсінсөң болғаны!

Алтын. Радик! (*Жүгіріп барып есікті ашады да, ке-йін шегінеді. Үйге басы таңулы Радик және милиция капитаны кіреді.*)

Капитан. Сәлематсыздар ма? Сәлематсыз ба? (*Директормен қол алғып амандасады.*) Бейуақытта мазалағанымызға кешірім өтінem.

Алтын. Радик! Ботам-ау.. Амансың ба? Мынадай халге қайдан душар бол жүрсін?

Радик. 19-ғасырдағы қазак ақындарының демократиялық көзқарасы маған да әсерін тигізген болуы керек.

Алтын. Мейлі, мейлі, солай-ақ болсын. Жөндеп айтшы, бірақ. Япырым-ай... Жүргегім бір сұмдықты сезіп еді-ау! (*Құшақтамақ болады.*)

Радик. О-о! Құшақтамаңыз! Дәрігерлер тыйым салған. Әсіресе, әкеңіз құшақтай көрмесін деген. Ер адамның қарулы келетінін бүгінгі медицина қалай ашқан десенші!

Алтын (*күйеуіне жақындал*). Бөгде адамның көзінше тағы бір бүлік шықпай тұрғанда, не тілін тауып бірдене де, немесе кабинетіңе бара тұр.

Тағат. «Балаң ер жетсе — өрісің кениді» деген сөз рас еken-ау, ұлым. Сенің арқаңда, құдайға шүкір, енді милициялармен жекжат бола бастадық.

Радик. Менің арқамда жиырма бір жасыңызда әке бол едіңіз, қырық үшке қараған шағынызда бас құда болдыңыз. Менің осы еңбегімді қалай ақтар екенсіз.

Тағат (*капитанға*). Экелі-балалы екеуміз балдыз бер жездедей қалжындал үйренгенбіз. Оған таңданбай-ақ қойыңыз.

Капитан. Баланың әкемен қалжындасты қазір жақсы қасиет деп танылып жүр фой.

Радик. Жолдас капитан, біз сол жаңа дәстүрдің негізін қалаушылардың біріміз.

Анасы Радикке «ым» қағып, тыныш тұр дегендей белгі береді.

Капитан. Сіз мені танымай қалған шығарсыз. Сіздің институтта екі жеті тексеруде жатқам. Түсінесіз бе, сол екі жеті менің барлық ғұмырымнан ұзақ бол көрінді. Ал, мені әлгі аты жаман аурудан құлан таза сау деген қорытынды шығарғандарыңызда бар фой... жүргегім жарылып кете жаздады. Есінізде ме, кабинетіңізге кіріп барып, бетінізден сүйіп алғанмын.

Тағат. Э-э. Есімде, есімде.

Радик. Бұл кісі милиция шақырған жоқ па?

Капитан. Шақырып қайтеді, өзім де милициямын.

Радик. Милицияның танымайтын адамды бас салып сүйді дегенін бірінші рет естіп тұрмын. Дүние не бол барады бұл!

Капитан. Радиктің мұндай мінезіне осы үш-төрт сағаттың өзінде-ақ үйреніп қалдым. Тілі абы, журегі таза жігіт. Тағат Дайырович, кешіріңіз, мен кетейін. Барлық табыстарыңызға қуаныштымын. Әрқашан да осылай ел мактанышы бола берініз. Откен жолы телевизордан сөйлегеніңізде жолдас-жораларымның алдында бір желпініп қалдым. Сіздің қолыңызды алғып, жұзбе-жұз сөйлесу де ғанибет қой. Жұртқа сіңіріп жатқан еңбектеріңіз үшін, мың ракмет. Бұғін, ғайыптан-ғайып... мына Радиктің қызыба мінезінің «арқасында» осында кеп қалдым. Үйге бармаймын дейді. Қімнің баласы екенін де айтпай қойды. Паспортына қарасам, сіздің фамилия, сіздің адрес. Бұғін кезекші едім, бір жағы сізге сөлем бере шығайын деп, оны өзім ертіп келдім.

Алтын. Жолдас капитан, не... Радик бір қылмыс жасағаннан сау ма?

Капитан. Жоқ, жай әншнейін түсініспеушілік. Оны өзі айта жатар. Мен асығыс едім. Сау болыныздар.

Алтын. Сау болыңыз. Қөп рақмет!

Тағат (*капитанмен есікке шейін бірге келеді*). Жолдас капитан! Бұл жайлы... бір адам білмейтін болсын. Түсіндіңіз бе? Отінем.

Капитан. Түсінікті, Тағат Дайырович, әбден түсінікті. Бірінші жыл қызмет етіп жүрген жоқпын ғой. Барлық қағаздарды осында шығарда-ақ жыртып тастағанмын. Кешегі кезекшімен де келіскем.

Тағат. Рақмет. Жолыңыз болсын. Айтпақшы, бір рюмка конякқа қалайсыз? Құда болдық, атап өтпейміз бе?

Капитан. Жоқ, рақмет. Қызмет бабында ыңғайсыз. Сау болыңыз.

Тағат. Сау болыңыз.

Капитан кетеді.

Тағат. Ал, әкесімен жездедей қалжындаасар жаңа дәстүрдің негізін қалаушы жігіт, хал қалай? Басыңдағы

не сәлде, не кемпірлердің кимешегіне үқсамайды, «қайын жұртың» жақсылап сыйлаған-ау, шамасы.

Радик. Иә. Қөріп тұрсыз ғой. Қонақтарды риза етіп жібердіңдер ме?

Тағат. Оның саған қатысы қанша?

Радик. Маған қатысы болмаса да, сыйлыққа бір себі тиіп қалуы мүмкін ғой.

Алтын. Радик! Тағат! Қойындаршы, тағы нені бастағалы келе жатырсындар?

Тағат қатты қапаланып, үй ішінде әрлі-берлі жүре береді. Терезе алдына кеп тұрады. Сонан соң ұлына жақындал, оның дәл алдына тоқтайды.

Тағат. Арық қойдың етіндей сөзінде маңыз жок, бәрі көпірген көбік. «Жаман ит қораға қарап үреді». Не жұрт пайдасын, не бас пайдасын ойламайтын қияли. Сеніңше, бәрінен безініп, мына сен сиякты көрінген көк аттыдан көшеде таяқ жеп жүруім керек пе? Менің қызметім, менің ғылыми атағым, алар сыйлығым, егер ала қалсам, сенің мойнына қамыт бол киіліп, бетіңе таңба бол тусе ме? «Семіздікті кой ғана көтереді» деген рас екен-ау. Мына басындағы да сол семіздікті көтере алмағандықтың кесірі.

Радик. Папа! Мені сарыла іздел жүріп, осы екі күннің ішінде өзгерген шығарсыз деп едім, әлі бұрынғы қалпыңызда екенсіз. Ал, менің басымдағы сый-сияпат... оны айтқанмен сіз түсінбейсіз.

Алтын. Айтшы, не болды? Мен түсінемін!

Тағат. Түсінбейтін не бар, Эйнштейн теориясы деймісін? Айтшы, қане, көшедегі тәбелеске қандай жаңалық енгіздің?

Радик. Сіз тәбелескен адамның бәрі бұзакы болғандықтан деп ойлайсыз ба? Айтайын.

Пауза.

Радик. Папа! Сіз бұл сөзімді өз баламның сөзі деп үқпаңыз, сырт адамның пікірі деп ұғыныңыз. Сонда пайымдауға женелірек болады. Мен аялдамада түр едім. Бір кезде дәл жанымнан сатыр-сұтыр етіп, үш жігіт жүгіріп өтті. Жалт карасам, олар бір жігітті қуып бара жаңыр екен. Қөшенің қақ ортасына жеткенде олардың бірі әлгі жігітті өкшелеп көп, аяғынан шалып құлатты. Ол асфальтка ұшып түсті. Әлгі үшеуі үш жақтан бір жігітті

ал кеп тепкілесін. Басынан, бетінен, ішінен... Аяу деген ұғым үшеуінен мұлде алыс сияқты. Ата жауды да адам бұлай қорламас болар еді. Қан деген тарау-тарау бол, асфальтпен ағып жатты. Папа, мен шыдай алмадым. Қозіме қан толып, әлгі жігітке ара тұсу үшін жүгіріп бара жатқанда, ертеңгі тірлік, милиция, әкемнің беделі дегендерді ұмытып кетіппін. Біреуді ажалдан, азаптан құтқару үшін ертең не болатынын ойлап, арғы-бергісін таразылад тұру керек пе? Олардың біреуін келген бетте бір қойып, мұрттай ұшырғанымды білем. Эрі қарай не болғаны есімде жоқ. Қоз алдынан жарқ еткен наизағайдығана білем. Сонан соңғысы... мына кимешек пе, сәлде ме, бірдене.

Алтын. Ойпырым-ай! Құлымын-ау, бір ажалдан қалыпсың ғой. Нен бар төбелесте?

Радик. Мама, бұл төбелес емес...

Тагат. Азамат соғысы.

Радик. Иә, азамат соғысы! Соғыстың үлкен-кішісі жоқ. Зорлыктан өлген немесе азап шеккен адам үшін құрбандықтың қанша екенінің қажеті болмайды. Папа, мен бәріне төзөр едім. Мұндай қактығыстар барлық жерде болып жатар, ол үшін отқа түсіп қүйіп-пісіудің керегі шамалы. Менің есімнен кетпей жанымды тырнайтыны — зорлық та, зомбылық та емес, аялдамадағы адамдардың сол сэттегі бейшаралығы болды. Бәрі қарап тұрды. Текі көріп, есінен танып жатқан жігітті арашалауға, оған қол ұшын беруге бірі де тәуекел етпеді. Жұрт не бол кеткен? Олардың бойындағы ерліктері қайда? Құдай мен патшага қарсы тұрған, кешегі соғысты жеңген рухтары қайда?

Тагат. Олар ерлікті кез келген аялдамадағы алып шыға бермейтін шығар.

Радик. Ерлік пен батылдық көз бен жүректе. Аялдамада тұрғандардың бәрінің он екі мүшесі сау болатын. Жүрек бар жерде намыс бар, намыс бар жерде ерлік бар. Олардың неден жасқанғандарына түсінбедім, папа.

Тагат. Сонда немене, жұрттың бәрі қорқақ бол кетті демексің бе?

Радик. О-о, олай деуге хақым жоқ! Сіз мені арандатпаңыз. Ерлік бар! Біздің әрбір азаматымыздың бойынан патриотизм мен ерлік рухы берік орын тепкен. Бірақ... кейде олар бір жігітті үш жігіт өлімші етіп тепкілеп жатқанда, сабыр сақтап қарап тұра алады. Сабыр мен шыдам керек! Ертеңгі күнді, беделінді ойлау керек. Қөп болса, бір адам өлер, одан санымыз кемімейді, ал

оны ажыратамын деп жүріп олардың жазым боп пышағы тиіп кетсе, немесе бетіне көгертіп «сала белгісін» салса, милицияға түссен, ертең сен жайлы жүрт не демек? Ақ-қарасын ажыратып жатар ешкім жоқ, тәбелесіп, милицияға түсіпті дейді. Болды. Факт осы. Байылты болу керек, қателеспей керек. Өліп бара жатқан адамды ажыратпадың деп ешкім де сені жазаламайды, кінәламайды.

Тағат. Ерлігің құтты болсын! Браво, браво! Мен асығысын! Айтып болдың ба?

Радик. Иә, болдым... Айтыңызшы, папа! Сіз өткен жолғы бір интервьюінізде: «Біздің институтта 31 ғылым докторы, 84 ғылым кандидаты жұмыс істейді»,— депсіз. Солардың бәрі онкология саласынан ба?

Тағат. Сенің тәбелесің мен онкологияның арасында қандай байланыс бар?

Радик. Бар!

Тағат. Бұл жаңалық екен. Тәбелес пен онкологияның арасындағы кейбір ортақ мәселелер! Ха-ха-ха! Тіпті, ғылыми тақырып сияқты екен. Бәлкім, сен осы тақырыпты ғылыми советте бекітіп, диссертация қорғарсың!..

Радик. Жетер, папа!

Тағат. Не дейсін?

Радик. Жетер деймін. Шамданып қалдыныз ба? Арзан намысты қорғауға дайынсыздар, одан да әлгі сұраққа жауап берініз.

Алтын. Айта салшы, нең кетеді

Тағат. Ал, солай. Онкология саласынан. Сонымен не айтпақсын?

Радик. Демек, 115 ғалым. Әрбір республикадағы және Москва мен Ленинградтағы ғалымдарды тағы қосамыз. Бүгінгі кандидаттарының ертең доктор болады. Міндетті турде. Сонда, қаншама ғалым! Бірақ, онкология саласында ілгерілеу жоқтың қасы. Неге? Сіз жауап берे аласыз ба? Жоқ. Мен айта алам. Аялдамадағы ерлік өмірдің барлық саласында да қажет. Ғылымда, әдебиетте, азаматтықта, саясатта — бәрі-бәрінде де. 115 ғалымның бәрінде де ерлік жоқ деп айтуға ауыз бармайды. Бірақ, әлі аурудың емі табылмай отыр. Тарихқа үңілсек, медицинадағы ұлы жаңалықтар жеке адамдардың ерлігінің арқасында ашылыпты. Олар келешек үрпак үшін өзін-өзі құрбандыққа шалды. Міне, ерлік не үшін керек. Атак үшін емес! Әйгілі теориясын жариялаған кезде Эйнштейн ғылымға икемі бар әрбір адамға берілетін атақтан да құралақан болатын. Бұл да ерлік. Сіздерде, тілті, өз басы-

нызда жоқ ерлік. Сіздің барлық еңбектерінізді оқығам. Катты айтсам, кешіріңіз, медицина сіздің еңбектеріңізсіз-ак өмір сүре алады.

Алтын. Радик! Экене бұлай деуге қалай аузың барады! (Оны шапалақпен салып жібереді.)

Пауза.

Радик. Міне, шындықты айтсан — шапалақ жейсін. Тіпті, менің жарапы екеніме де қарамадыңыздар. Үнде-меуіне қарағанда, папамның да ойынан шыққандайсыз.

Алтын (оны құшақтайды). Кешірші, Радик!

Радик. Мен сізді түсінем, мама. Сіз өз атыңыздан емес, әкемнің атынан қол жұмысадыңыз. Біреудің қолымен от көсөу деген осы... Ол кісі ақ, сіз қара. Папа, асығыс болсаңыз — жүре беріңіз. Өмірдің қалған проблемаларын мамамыз екеуміз шешеміз, бұл кісі де кандидат болғалы жүр ғой. (Анасы шығып кетеді.)

Әкесі әрлі-берлі жүреді. Баласының жанына тоқтап, ұлының иығына қолын салады.

Тағат. Е-е, ұлым, көп нәрсені шала үққансың. Өмір-дің өз заны бар. Ол еш жерде жазылмаған. Адам адам бол жарапан соң сүттен ақ, судан таза бола алмайды. Эр адым аттаған сайын: «Бұл неге олай емес», — деп әділ-дік іздей берсөн, өз ғұмырың адыра қалады. Орынсыз ой қуған қияли боп кетесің. Қасқыр неге қойды, қой неге балбырап өсіп келе жатқан шөпті жейді, жылан неге ба-қаның қанын сорады, бақа неге шыбын-шіркейді жейді, тағы тағылар, тағы тағылар. Ойдың шегі жоқ. Бәріне жауапты табиғаттың өзі дайындал қойған. Өмір заны, тіршілік заны. Менің де арыма тидің. Мейлі, өз балам-сың, сенімен кектесе алмаймын. Менің еңбектерімсіз ме-дицина өмір сүре алатын шығар, керек десен, адамзат ме-дицина деген ұғымға дейін-ақ тіршілік еткен. Әлгі сен айтқан көп ғалымдардың бәрі жаңалық ашып жатпаға-нын бәріміз білеміз. Бірақ, соның бәрі жаңалық ашу мақ-сатымен бағаланады. Үкімет сол үлкен мақсат үшін қар-жы бөледі.

Радик. Ал, адамдар сол қаржыны өзара бөлісіп алады ғой.

Тағат. Репликаң ұтымды шыққан жоқ. Олар бөліс-пейді. Жаманды-жақсылы еңбек етеді. Мен де. Өз еңбе-

тімді жоққа шығара алмаймын. Солай. Кім не десе, о де-сін, онымен менің шаруам жоқ. «Неге бұлай»,— деп әр саңылауға бір үңілгенше қолыңнан келгенше өмір сур. Қоғамға, әйел-балаңа, жақын-туысыңа пайдалы бол. Ал, оларға пайдалы болу үшін, тек адад ойың ғана емес, атақ-данқың мен лауазым да қажет. Қанша адад, қанша қа-йырымды болғанмен көшө кезген дәруіштен маған не пай-да, саған оның берері қайсы. Дәруіш болма, пайдалы адад бол. Қолыңнан келгенше еңбек ет.

Радик. Папа, менің басым қатты. Он жыл, он жыл бойы мектепте оқығаным, мұғалімдерден құлағыма қүй-ғаным өмір суруіме кей кезде кесірін тигізетін сияқты. Ол жақтан алып келген тәрбием мен сана-сезімім есейген кезде жарамсыз боп жаңылыстыра беретін секілді. Мен қазір өмірді әліппеден қайта бастап жүрген жандаймын. Бірақ, есейген шақта үйрену қын ғой деймін.

Тагат. Үйрену әрқашан да қын. Өмірдің күрделі-лігі де сонда. Кітап бір басқа, өмір бір басқа.

Радик. Сонда, мен он жыл бойы алданып келген-мін бе? Әділет жайлы, парасат жайлы қазірде де үйрену-демін. Егер оның бәрі өмірмен бетпе-бет келгенде мені әпненде етіп қалдыратын болса...

Тагат. Кітап бір басқа, өмір бір басқа! Екеуінің жі-гін ажырата білу де үлкен қабілет.

Радик. Сіз... қабілеттісіз ғой!.. Шыныңызды айты-нышы, папа, егер сізге Нобель сыйлығын берсе, алар ма-едіңіз?

Пауза.

Тагат. Мұндай арандатушы сұраққа жауап бермей-мін.

Радик. Алар едіңіз. Қебінің алар едіңіздер. Тіпті, бәрінің. «Менің еңбегім мұндай сыйлыққа тұра қоймас»,— деп біреуінің ойланбас едіңіздер. Құдай адамды жаратқанда әрқайсысына әр түрлі ақыл беріпті де: «Менің ақы-лым пәленшениң ақылынан неге аз?»— деп жұрт шулап бара жатқан соң бәрін жинап алып, әрқайсысының басына: «Мен ақылдымын»,— деген сезім қүйып жіберіпті. Со-дан кейін адамдар ақымақтығын айтЫп, құдайдың алды-на қайта бармаған екен. Әлі солай, ақымақтын деген бір адамды естіген емеспін.

Тагат. Ал, өзің ше?

Радик. Мен данышпанмын!

Тағат. Ойбай, неғыл дейді тағы!

Радик. Мен ақымақпын.

Тағат. Е, не боп қалды?

Радик. Ол екеуі егіз үфым. Ақымақтың данышпан, данышпанның ақымақ болуы оң-оңай.

Тағат. Сен өмірден тек қорлық пен азап шегіп қана келе жатқан жан сияқтысын.

Радик. Мен бәрін көріп келем. Эділетсіздіктің үлкен-кішісі болмайды, папа. Менің досым неге жұмыстан босады? Өйткені, ол өзгелерден ақылды болды. Талантты болды. Талант иілер басқа қонбайды. Ол өле-өлгенше иілмей өтеді. Ал, оның орны кімге керек болды? (*Күледі*.) Неткен бейшаралық? Әлгі біреуді сол жерге апару керек екен. Ол үлкен бір бастықтың әйелінің әпкесінің күйеүінің нағашысының...

Тағат. Тоқтат!..

Радик. Міне, мен ақымақпын. Егер осылай айтпасам ше? Сөз жок, ақылдымын! Осылай деп шындықты айтқаным үшін мені жазғыратындар бар. Егер әкем болмасаңыз, тағдырым қолыңызда тұрса, мені сіз жазғырасыз.

Тағат (*оған төніп кеп*). Жазғырмақ түгіл жазалар едім, үратын да жерің қалмапты.

Радик. Одан қам жеменіз, папа. Басым ғана аздал жарылған. Енді аздал желкемді үзіп жіберуінізге болады.

Телефон шырылдайды.

Радик. А-а, сәлематсыз ба, бикеш! Иә, иә. Жұмыс бабымен дейсіз бе? Қазір. Папа, сізді шақырады. Желкемді үзуге үлгертпегені үшін көрген кезінізде менің атымнан оған ракмет айта салыңыз.

Анасы кіреді. Қолында тамақ салған поднос бар.

Алтын. Айтыстарың әлі бітпеді ме?

Радик. Тс-с! Жұмыс бабымен. (*Әкесін көрсетеді*.)

Анасы столға тықырлатпай, ыдыстарын қоя бастайды. Тағаттың да сөйлескені естіліп тұрады.

«Қазір шығамын. Иә, уақыттың өткенін байқамай қаппын, імм-м... біраз жазу жазып... Ол қонақтарды күтіп алмаса болмайды. «Алматы» қонақ үйіне. Орын алынып